

Мухамедова Д.Г. – психология ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университетінің профессоры, Ташкент қ., Өзбекстан. E-mail: sadullaev@mail.ru

Момбиева Г.А. – педагогика ғылымдарының магистрі, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің аға оқытушы, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: gumi-74@mail.ru

Information about the Authors:

M.A. Dzhamukhambetov – corresponding author, Master of Pedagogical Sciences, PhD Doctoral Student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: m.dzhamukhambetov@gmail.com

A.K. Satova – Doctor of Psychological Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: satova57@mail.ru

D.G. Mukhamedova – Doctor of Psychological Sciences, Professor, Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan, Tashkent, Uzbekistan. E-mail: sadullaev@mail.ru

G.A. Mombieva – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: gumi-74@mail.ru

FTAXP: 15.31.31

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2026.88.3.009>

Жакупова А.Ж.^{*1}  Орынғалиева Ш.О.²  Конысбаева А.¹  Юсупова И.³ 

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан)

² Alikhan Bokeikhan University (Семей қ., Қазақстан)

³ А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті (Шымкент қ., Қазақстан)

*e-mail: altyn.zhakup.84@bk.ru

Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық эмпатияны қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктері

Аңдатпа

Мектеп жасына дейінгі кезеңде табиғатқа эмоционалдық жауап беру, жанашырлық таныту және қамқорлық әрекеттерін орындау экологиялық мәдениеттің қалыптасуына негіз болатын маңызды көріністердің бірі болып табылады. Зерттеудің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби тәжірибесі мен бақылаулары негізінде балалардағы экологиялық эмпатияның негізгі психологиялық және мінез-құлықтық көріністерін сипаттау. Негізгі зерттеу сұрағы: Педагогтердің кәсіби тәжірибесі мен бақылаулары негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық эмпатиясы қандай психологиялық және мінез-құлықтық белгілер арқылы көрінеді? Зерттеу сапалық сипаттамалық дизайн негізінде жүргізілді. Алматы қаласындағы мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс істейтін 28 педагог-тәрбиешінің жартылай құрымдалған сұхбат жауаптары талданды. Деректер MaxQDA бағдарламасында контенттік және тақырыптық талдау арқылы кодталып, негізгі категориялар мен тақырыптар бойынша өңделді. Талдау нәтижесінде тәжірибеге негізделген педагогикалық процесте экологиялық эмпатияның: ішкі эмоционалдық-сезімдік, практикалық-мінез-құлықтық және құндылықтық-моральдық көріністері анықталды. Бұл зерттеу нәтижелері педагогтердің кәсіби бақылауларында балалардағы экологиялық эмпатия - табиғатқа жанашырлық, жауапкершілік, қорғау және күтім жасау қарым-қатынасы арқылы білдіретінін көрсетті.

Түйін сөздер: мектеп жасына дейінгі балалар, экологиялық эмпатия, экологиялық мінез-құлық, тақырыптық талдау, MaxQDA.

Жакупова А.Ж.^{*1}  Орынғалиева Ш.О.²  Конысбаева А.¹  Юсупова И.³ 

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая (г. Алматы, Казахстан)

²Alikhan Bokeikhan University (г. Семей, Республика Казахстан)

³Университет дружбы народов имени академика А. Куатбекова (г. Шымкент, Казахстан)

*e-mail: altyn.zhakup.84@bk.ru

Психологические особенности формирования экологической эмпатии у детей дошкольного возраста

Аннотация

В дошкольном возрасте эмоциональный отклик на природу, проявление сочувствия и осуществление заботливых действий являются одними из значимых проявлений, закладывающих основы формирования экологической культуры. Цель исследования — описать основные психологические и поведенческие проявления экологической эмпатии у детей дошкольного возраста на основе профессионального опыта и наблюдений педагогов дошкольных организаций. Основной исследовательский вопрос сформулирован следующим образом: какими психологическими и поведенческими признаками проявляется экологическая эмпатия у детей дошкольного возраста на основе профессионального опыта и наблюдений педагогов? Исследование проведено в рамках качественного описательного дизайна. Были проанализированы ответы на полуструктурированные интервью 28 педагогов-воспитателей, работающих в дошкольных организациях города Алматы. Данные были закодированы и обработаны в программе MAXQDA с применением контент-анализа и тематического анализа и систематизированы по основным категориям и темам. В результате анализа были выявлены внутренние эмоционально-чувственные, практико-поведенческие и ценностно-нравственные проявления экологической эмпатии в педагогическом процессе, основанном на практическом опыте. Результаты исследования показали, что в профессиональных наблюдениях педагогов экологическая эмпатия у детей проявляется через сочувствие к природе, ответственность, стремление к ее защите и осуществление заботливого ухода.

Ключевые слова: дети дошкольного возраста, экологическая эмпатия, экологическое поведение, тематический анализ, MAXQDA..

Zhakupova A.Zh.^{*1}  Oryngaliyeva Sh.O.²  Konysbayeva A.¹  I. Yussupova³ 

¹Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

²Alikhan Bokeikhan University, (Semey, Kazakhstan)

³Academician A. Kuatbekov Peoples' Friendship University (Shymkent, Kazakhstan)

*e-mail: altyn.zhakup.84@bk.ru

Psychological features of developing ecological empathy in preschool children

Abstract

During the preschool years, emotional responsiveness to nature, the expression of empathy, and caring actions are among the important manifestations that contribute to the formation of ecological culture. The purpose of this study was to describe the main psychological and behavioral manifestations of ecological empathy in preschool children based on the professional experience and observations of preschool educators. The main research question was formulated as follows: What psychological and behavioral indicators characterize ecological empathy in preschool children based on educators' professional experience and observations? The study employed a qualitative descriptive design. Semi-structured interview responses from 28 preschool educators working in preschool organizations in

Almaty were analyzed. The data were coded and processed in MAXQDA using content analysis and thematic analysis and were subsequently organized into key categories and themes. The analysis identified internal emotional-sensory, practical-behavioral, and value-moral manifestations of ecological empathy within an experience-based pedagogical process. The findings showed that, according to educators' professional observations, ecological empathy in children is expressed through empathy toward nature, responsibility, protective behavior, and caring actions.

Keywords: preschool children, ecological empathy, environmental behavior, thematic analysis, MAXQDA.

Кіріспе. Адамдар мен табиғат арасындағы қарым-қатынас Тұрақты даму саласындағы маңызды зерттеулердің тақырыбына айналып отыр. Себебі табиғатпен қарым-қатысты тұрақты дамыту – табиғатты қорғауда жүйелілікке қол жеткізудің маңызды тетігі.

Ampuero et al. (2015) экологиялық мәселелерді шешуде эмпатияға көбірек көңіл бөлу арқылы экологиялық мәселелерді түсінуі және оны шешуге тырысу әрекеттерін когнитивті (ақпаратты және этикалық мінез-құлық ережелері туралы ойлау), сонымен қатар аффективті формада сипаттап көрсетті. Тұлғаның экологиялық дағдыларын танымдық тұрғыдан сыни ойлап және аффективті тұрғыдан эмпатияны қолдана отырып дамытуды қарастырды.

«Эмпатия» ұғымы грек тіліндегі «*empathia*» *iштен сезіну* терминінен пайда болып, танымдағы эстетикалық қабылдау үдерісіндегі субъектінің объектімен эмоциялық үндесуін сипаттауда қолданылып келді. Кейін психология ғылымында эмпатия - басқа адамның, яғни өзгенің сезімін түсіну және оны сезіну қабілеті ретінде қарастырыла бастады.

«Эмпатия» ұғымын тұлғааралық байланыс пен қарым-қатынасты сипаттаудан бөлек, табиғатпен қарым-қатынасты да сипаттауда, яғни адам мен қоршаған орта арасындағы эмоционалды, когнитивті байланыс ретінде де қарастыруға болады. Ищенко (2021) эмпатияны экологиялық қарым-қатынасты тұрақтандырушы элемент ретінде қарастырып, қоршаған ортаға қатысты эмоцияны тану, когнитивті түсінуі мен мінез-құлықтың бейімделумен түсіндіреді.

Luo et al., (2025) жеке тұлғаның қоршаған ортаға эмпатиясын зерттеуде, тұлға бойында экологиялық эмпатияның болуы қоршаған ортаға деген айтарлықтай оң көзқарастық әсердің жоғары деңгейін анықтады. Қоршаған ортаға деген эмпатиясы дамытылған тұлғада табиғатты аялауға бағытталған іс-әрекеттері жағымды болатынын дәлелдеді.

Экологиялық эмпатияға анықтама беруде Van Zyl (2025) – бұл тұлғаның қоршаған ортаға мейірімділік көрсетуі, оның әсемдігін қабылдап, түсінудегі моральдық қабілет деп атайды. Қоршаған ортаға деген ізгілік қарым-қатынас пен қоршаған ортаға деген немқұрайлылық эмпатияның адам бойында табиғатынан шектеулі бейтарап және үйлесімді екі тарапы болатынын көрсетіп отыр.

Экологиялық эмпатия психология, экология және этиканы біріктіретін пәнаралық ұғым ретінде адамдарға табиғат әлемін түсінуге және онымен эмоционалды түрде байланысуға, қоршаған ортаға деген көзқарас пен мінез-құлық ерекшелігін дамытуға мүмкіндік беретін когнитивті және эмоционалды қабілет.

Мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатқа эмпатиялық қарым-қатынасы – экологиялық мәдениетін қалыптастырудың эмоциялық-құндылықтық алғышарты. Экологиялық эмпатия психология, экология және этиканы интеграциялаудағы пәнаралық ұғым ретінде адамдарға табиғат әлемін түсінуге және онымен эмоционалды түрде байланысуға, қоршаған ортаға деген дұрыс көзқарас пен жауапты мінез-құлықты дамытуға мүмкіндік беретін когнитивті және эмоционалды қабілет.

Экологиялық эмпатияны психологиялық тұрғыдан Tam (2013) адамның табиғатты эмоционалды тұрғыдан түсінуге бейімділігі деп, оның негізгі белгілері ретінде: сезіну, түсіну, жанашырлық таныту.

Зерттеуші ғалымдар Li et al. (2024) мектеп жасына дейінгі балалардағы табиғатқа және қоршаған ортаға деген дұрыс көзқарасты қалыптастырудағы маңызды психологиялық фактор

ретінде экологиялық эмпатияны көрсетеді. Балалардағы экологиялық эмпатия олардың қоршаған ортадағы тіршілік иелерінің жағдайын түсінуімен, олардың эмоционалды жағдайларына эмпатиялық тұрғыдан (іштен сезіне алу) жауап беруімен сипатталады. Табиғатқа деген эмпатия мектеп жасына дейінгі баланың танымдық түсінігі емес, бұл эмоционалды және сенсорлық дамуындағы табиғатқа деген құндылықтық көзқарасының көрінісі деп түсіндіреді. Мысалға баланың солған гүлге күтім жасауы немесе жан-жануарға жанашырлық танытуы экологиялық эмпатияның психологиялық белгілері ретінде түсіндіреді.

Yuan & Zhou (2026) мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған ортаға деген мінез-құлқына эмпатияның әсерін зерттеу үшін эксперимент жүргізіп, 4-6 жастағы балалардың қоршаған ортаға деген эмпатиялық көзқарасы олардың мінез-құлқына әсер ететінін көрсетті. Зерттеу бойынша экологиялық эмпатия баланың ішкі эмоционалды реакциясымен ғана шектелмейтінін, сонымен қатар олардың іс-әрекеттеріне де әсер ететінін көрсетті. Мысалға балалардың гүлдерді суару, құстарды жем беру және қарапайым қоқыс тастамау сияқты әрекеттері экологиялық эмпатияның мінез-құлықтық көріністері ретінде сипаттайды.

Sobko et al., (2018) мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатқа деген көзқарасы арасындағы психологиялық байланысты зерттеді. Баланың табиғатпен қарым-қатынасы оның психологиялық дамуына, эмоционалдық тұрақтылығына және қоршаған ортамен жауапты қарым-қатынастың қалыптасуына ықпалы қандай екендігін анықтады. Осы зерттеу негізінде экологиялық эмпатияны бала мен табиғат арасындағы эмоционалдық байланыстың құралы ретінде қарастыруға негіз бар екендігін дәлелдеп отыр. Яғни, бала табиғатты тек сыртқы орта ретінде ғана емес, сонымен қатар өзіне жақын, қамқорлықты қажет ететін тіршілік кеңістігі ретінде қабылдайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатқа аффективтік қатынасын зерттеген Cheng & Monroe (2012) қоршаған ортамен байланыстың психологиялық компоненттерін былай көрсетеді: табиғаттан ләззат алу, тіршілік иелеріне эмпатия таныту, табиғатпен біртұтас сезіну және табиғат алдындағы жауапкершілік. Мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатты қорғаудағы тірі ағзаларға зиян келтірмеу, өсімдіктер мен жануарларға қамқор болу сияқты әрекеттері табиғатқа деген аффективтік-құндылықтық қатынас белгілері ретінде қарастырылады.

Филиппова (2018) мектеп жасына дейінгі балаларда эмпатияны дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын қарастыра отырып, эмпатияның эмоциялық, когнитивтік және мінез-құлықтық компоненттерін көрсетті. Мектеп жасына дейінгі баланың табиғатқа эмпатиялық қатынасының психологиялық белгісі: табиғат жағдайына эмоциялық жауап беруі, тірі ағзалардың күйін түсінуге ұмтылуы және қамқорлық әрекеттерін орындауы.

Васильева (2006) мектеп жасына дейінгі балаларда эмпатияның көрінуіндегі жас ерекшелік сензитивтілік мәселесі тұрғысынан қарастырды. Эмпатияны тұлғааралық өзара әрекеттестіктің маңызды құрамдасы ретінде, эмпатиялық реакциялар жас ерекшелігіне байланысты өзгеретінін көрсетті. Демек экологиялық эмпатияны мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптастыру тиімді, себебі жағдайды эмоциялық тұрғыдан қабылдауға, оларға жанашырлық танытуға, қарапайым көмек әрекеттерін орындауға бейім келеді.

Эмпатия ұғымын еліміздегі бірқатар зерттеулерде мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды дамуы мәселесі ретінде қарастыра аламыз. Эмпатияның жалпы теориялық негізін анықтауда Жигитбекова (2020) эмпатияны адамның эмоциялық күйін, мінез-құлқын және өзге адамға қатынасын түсіндіретін маңызды психологиялық құбылыс ретінде сипаттайды.

Ноғаетова және т.б. (2023) мектеп жасына дейінгі балалардың эмоцияны тану және түсіну қабілетін қарастырып, басқалардың эмоциясын ажырата алуы оның әлеуметтік-эмоциялық дамуының маңызды көрсеткіші екенін көрсетеді.

Бейсембаева және т.б. (2025) мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін дамыту ерекшеліктерін зерттеу жұмысы эмпатияны баланың эмоционалды интеллектісі мен әлеуметтік-эмоциялық дамуын табиғатқа бағытталған көрінісі ретінде түсіндіруге негіз болды.

Баланың табиғатқа жанашырлық танытуы, оның эмоциялық сезімталдығы мен құндылықтық қатынасының қалыптаса бастағанын түсінуге мүмкіндік берді.

Экологиялық саналы тұлғаның қалыптасуында **экологиялық эмпатия** – табиғатқа психикалық сезімталдық нәтижесінде пайда болатын, өзінің қоршаған ортасы мен табиғи ортасының жалпы әл-ауқатын, жағдайын сезіну қабілеті екен. Табиғаттың бір бөлігі ретінде, өзін қоршаған объектілерге (жанды, жансыз табиғатқа) деген жанашырлық сезімі, басқа адамның, құбылыстың эмоционалдық күйін түсіне алуы.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу мектепке дейінгі ұйым мамандарының кәсіби тәжірибесін сипаттауға бағытталғандықтан, сапалық зерттеу логикасына сүйенеді. Зерттеу мақсаты - мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби тәжірибесі мен бақылаулары негізінде балалардағы экологиялық эмпатияның негізгі психологиялық және мінез-құлықтық көріністерін сипаттау. Осы мақсатқа сәйкес зерттеу сұрағы: Педагогтердің кәсіби тәжірибесі мен бақылаулары негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық эмпатиясы қандай психологиялық және мінез-құлықтық белгілер арқылы көрінеді?

Педагог-тәрбиешілердің жеке пікірлері мен көзқарастарына байланысты кәсіби тәжірибесін талдау, зерттелетін психологиялық құбылыстың мазмұнын ашуға мүмкіндік берді (Чернышева, 2014).

Зерттеуге мектепке дейінгі ұйымның 28 маманы қатысты. Сұхбатқа қатысушылар саны 28 болуы әдіснамалық жағынан жеткілікті және зерттеу мақсатын анықтауға жарамды болып табылады (Creswell & Roth, 2018). Қатысушылар мақсатты іріктеу арқылы алынды: педагог-тәрбиеші болуы; балабақша қызметінде еңбек өтілінің болуы; балалармен педагогикалық үдерісте экологиялық білім беру және тәрбиелеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру тәжірибесінің болуы ескерілді.

Қатысушылар зерттеуге ерікті түрде қатысып, этикалық норма қағидалары сақталды. Қатысушылардың мәліметтері тек зерттеу мақсаты үшін қолданылып, жеке мәліметтері құпия сақталды. Әрбір қатысушының есімдерінің орнына шартты Р1-Р28 пайдаланылды. Педагог-тәрбиешілер өз тәжірибелері мен көзқарастарын сұхбат барысында еркін білдірді. Қатысушыларға зерттеудің мақсаты мен сұхбат жүргізу тәртібі алдын ала түсіндіріліп, айтылды. Әрбір қатысушы сұхбат барысында кез-келген сұраққа жауап беруден бас тартуға және кез-келген уақытта тоқтатуға құқылы болды.

Деректер жартылай құрылымдалған сұхбат негізінде жиналды. Сұхбат 8 сұрақтан және қажеттілігіне қарай нақтылаушы қосымша сұрақтардан тұрды. Сұхбат сұрағы зерттеудің дерек жинау құралы ретінде мақаланың негізгі зерттеу сұрағын толық қамтыды. Мысалы:

– *Сіздің түсінігіңізде, мектеп жасына дейінгі балалардағы экологиялық эмпатия дегеніміз не?*


– *Балалардың табиғатқа, өсімдіктерге, жануарларға немесе жәндіктерге жанашырлық танытқан жағдайларын байқайсыз ба?*

– *Балаларда экологиялық эмпатияны дамытуға қандай педагогикалық жұмыстар ықпал етеді деп ойлайсыз?*

Осы сұхбат барысында алынған жауаптар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардағы экологиялық эмпатияның психологиялық көрінісін талдауға негіз болды.

Талдау жасауға алынған материал сұхбат жауаптары дерек ретінде контенттік және тақырыптық талдау әдістері арқылы өңделді. Тақырыптар, категориялар, код бойынша жүйеленіп, MAXQDA бағдарламасында талданды (1-сурет). Бағдарлама қатысушылардың жауаптарын жүйелеуге, бастапқы кодтарды белгілеуге, кодтарды категорияларға біріктіруге және негізгі тақырыптарды анықтауға мүмкіндік берді.

Барлық сұхбат жауаптары аудиоға жазылып, мәтінге айналдырылды. Қатысушылардың жауаптары транскрипцияланып, мәтіндік деректер MAXQDA бағдарламасына енгізілді. Деректерді талдауда зерттеу нәтижелерін жүйелеу үшін кодтар мазмұндық ұқсастығына қарай категорияларға біріктіріліп, негізгі тақырыптар айқындалды (Полухина, 2023).



Сурет-1 MaxQDA бағдарламасында деректердің талдануы

Ескерту: MAXQDA интерфейсында «33maxqda Document» белгісі жобаны сақтау кезінде берілген техникалық атау болып табылады

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар. MAXQDA бағдарламасында деректерді жүйелеу зерттеу нәтижелеріндегі код, категория және негізгі тақырыптар арасындағы байланысы тұрғысынан талданды. Код жиілігі жауапта белгілі бір ұғымдардың қаншалықты жиі кездесетінін көрсетті. Зерттеу сапалық сипатта болғандықтан, негізгі назар жиілікке емес, жауап мазмұнындағы педагогтердің тәжірибелік түсіндіруінен экологиялық эмпатияның психологиялық мәнін ашуға бағытталды. Деректерді өңдеуде тақырыптарға қалай код талғандығына мысал келтірсек: «Иә, мұндай жағдайларды жиі байқаймын. Мысалы, серуен кезінде балалардың бірі жерде қанаты жараланған көбелекті көріп, оны басып кетпеу үшін жол шетіне апарып қойған еді. Сондай-ақ топтағы балалар гүлдердің солып қалғанын байқап, оларды суару қажеттігін өздері еске салып, қамқорлық танытады. Осындай әрекеттер балалардың табиғатқа деген жанашырлық сезімінің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді» (P7) және «Балалардың табиғатқа, жан-жануырларға, өсімдіктерге жанашырлық танытқан жағдай-ларын көп байқаймын. Олардың қоршаған ортаны қорғауға қызығушылық танытып, гүлдерді күтіп, гүлдерді егіп және оларды баптап күткенін және бізге бөлінген асқабақтың өсіп шығуын зерттеу кезінде, соны суғарып, оны күнделікті бақылап, жүйелі күтім жасағанын айта аламын» (P18) осы жауаптар бойынша негізгі тақырып «Экологиялық эмпатия – құндылық ретінде», код «жанашырлық». Келесі бір мысал: «Өсіп тұрған өсімдіктерге күтім жасауы. Оны суаруы, топырағын копсытуы. Сонымен қатар түсіндірме жұмыстарында, көшеде мысықтарға қамқорлық жасайым деп жауап береді. Барып басынан сыйпағанын, тамақтандырғанын, су бергенін айтады. Кейбір балалар ауылға ата-әжесіне барғанда үй жануарлары-на көмектестім, төлдеріне шөп берген, т.б. жасаған жұмыстарын айтады» (P10) және «Серуендеу кезінде балалар жолда қоңызды байқаса, ешкімнің баспауы үшін оны шөпке ұқыптап апарып жатады. Жәндіктерді бақылайды, құстарды азықтандырады. Топта өсімдіктерге күтім жасауға көмектеседі» (P12) осы жауаптар бойынша негізгі тақырып «Экологиялық эмпатия – практикалық әрекет ретінде», код «күтім жасау».

Зерттеу сұрағымыз бойынша сұхбат нәтижелерін тақырыптық талдауда нәтижесінде деректер екі өзара байланысты мазмұндық бағыттарда топтастырылды. Бірінші бағыт балалардағы экологиялық эмпатияның педагогтер байқаған көріністерін қамтыды: 1) эмоционалдық-сезімдік; 2) құндылықтық-моральдық; 3) практикалық-мінез-құлықтық көріністер. Екінші бағыт экологиялық эмпатияның қалыптасуын қолдайтын педагогикалық тәжірибелерді қамтыды: ойын, табиғатты бақылау және еңбек әрекеттері. Мұндай құрылым экологиялық эмпатияның өз көріністерін оны қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық жағдайлардан ажыратуға мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі баланың экологиялық эмпатиясы алдымен табиғат жағдайын сезінуі арқылы ішкі эмоционалдық-сезімдік деңгейде байқалса, екіншіден табиғатқа күтім жасау секілді нақты іс-әрекетте көрініс табады. Қатысушылардың жауаптарынан экологиялық эмпатия – табиғатпен тікелей байланыста ұйымдастырылған ойын, бақылау, еңбек әрекеттері арқылы қалыптасатын педагогикалық процесс екенінде көрсетеді. Сонымен қатар экологиялық эмпатия баланың табиғатқа жанашырлықпен қарауы, жауапкершілік сезінуі және адамгершілік тұрғыдан дұрыс әрекет жасауға ұмтылуы арқылы құндылықтық-моральдық феномен ретінде сипатталады.

Қатысушылардың жауаптарында балалардың табиғатқа эмпатиялық көрінісі көп жағдайда нақты іс-әрекеттер негізінде байқалатынын көрсетіп отыр, сондықтан «күтім жасау» код жиілігі жоғары ($n=19$). Сұхбат жауаптарынан балаларда экологиялық эмпатияны арнайы ұйымдастырылған педагогикалық тәжірибе арқылы дамытындығын, сондықтан «ойын» код жиілігі жоғары ($n=19$). Толық деректердің талдануы 2-суретте «Кодтар матрицасында» көрсетіліп отыр.

(Ескерту: MAXQDA интерфейсындағы «33+maxqda Document» белгісі жобаны сақтау кезінде берілген техникалық атау болып табылады)

Система кодов	33+maxqda Document	СУММА
▼ Экологиялық эмпатия ішкі эмоционал		0
Қорғау	•	8
Жанашырлық	•	11
Сезіну	•	6
▼ Экологиялық эмпатия нақты практика		0
Күтім жасау	●	19
Бақылау	•	9
Қызығушылық	•	8
Σ СУММА	61	61


Система кодов	33maxqda Document	СУММА
▼ Экологиялық эмпатия тәжірибеге негі		0
Еңбек	•	13
Ойын	●	19
Бақылау	•	12
▼ Экологиялық эмпатия — құндылықты		0
Адамгершілік	•	9
Жауапкершілік	•	15
Жанашырлық	•	14
Σ СУММА	82	82

Сурет-2 MaxQDA бағдарламасында деректердің талдануындағы «Кодтар матрицасы»

Экологиялық эмпатия — құндылықтық-моральдық феномен ретінде қатысушылардың жауаптарында жанашырлық ($n=14$), жауапкершілік ($n=15$), адамгершілік ($n=9$) ең көп кездесетін кодтар. Мектеп жасына дейінгі баланың өз даму деңгейіне сай тірі табиғаттың құндылығын түсінуі – олардың өсімдіктер мен жануарларға, жәндіктерге жанашырлық, жауапкершілік танытып, адамгершілік қасиеттерін көрсете алуы (3-сурет).

Васильева (2006) экологиялық эмпатияны ерте жастан қалыптастыру қажеттігін дәлелдей отырып, мектепке дейінгі кезең эмпатиялық реакциялардың дамуына сезімтал кезең ретінде

карастырады. Бұл кезеңде табиғатқа бағытталған эмпатиялық құндылықтық қатынастың жауапкершілік сезімі кейінгі кезеңдегі экологиялық мәдениеттің эмоциялық негізін дамытуға ықпал ететінін айтты.



Сурет -3 «Код-субкод-сегмент» моделі

Экологиялық эмпатия нақты практикалық-мінез-құлықтық көрініс ретінде қатысушылардың жауаптарында қызығушылық (n=8), бақылау (n=9), күтім жасау (n=19) ең көп кездесетін кодтар.

Изотова (2011) эмпатияның мінез-құлықтық репрезентацияларын көрсетуде балалардың табиғат жағдайын түсінуі (қызығушылық) және оған қамқорлық әрекеті (күтім жасау) арқылы жауап беруімен сипаттайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мінез-құлықтағы - табиғатты қорғау әрекетіне қызығуы, әдептілік сақтауға ұмтылысы, табиғатты қорғауда нақты іс-әрекеттік дағдылардың болуы да экологиялық эмпатияның көрінісі деп білеміз.

Экологиялық эмпатияның ішкі эмоционалды-сезімдік көрінісі тұрғысынан қатысушылардың жауаптарындағы көп қолданылған сөздік кодтар сезіну (n=6), жанашырлық (n=11) және қорғау (n=8) болды. Қатысушылардың жауаптары мектепке дейінгі жастағы балалардағы экологиялық эмпатия қоршаған ортаға эмоционалды байланысымен анықталатынын көрсетеді. Балалардың солып бара жатқан гүлге деген уайымы және қанаты сынған көбелекке деген көңілі түсуі олардың табиғатқа эмоционалды түрде жауап беру қабілетін көрсетеді. Бұны психологияда көбіне аффективті эмпатия деп те атап жатады. Балалардың тірі тіршілік иелерін тек ақылмен түсініп қана қоймай, жан-тәнімен сезіне алуы. Сонымен қатар, осы тақырыптағы «*эмоциялық жанашырлық*» баланың табиғат нысандарының жағдайына эмоциялық жауап беруін, яғни аяу, уайымдау, көңілінің түсуі және сезім білдіруін қамтиды. Бір мәтіндік сегмент бірнеше мағыналық мазмұнды қамтығандықтан, ол тиісті бірнеше кодпен қатар кодталды.

Там (2013) қоршаған ортаға эмпатияны адамның табиғи әлемнің күйін сезіну және оған эмоционалды түрде жауап беру қабілеті ретінде сипаттайды. Сондықтан, экологиялық эмпатияның алғашқы белгісі - баланың табиғатты қамқорлық пен жанашырлықты қажет ететін тіршілік кеңістігі ретінде қабылдай бастауы екендігін айтып отыр. Тек осы жағдайда ғана тиісті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік болады.


Экологиялық эмпатия тәжірибеге негізделген педагогикалық процесс ретінде Тәжірибелік педагогикалық процесс ретінде экологиялық эмпатияны дамыту тұрғысынан қатысушылардың жауаптарындағы көп қолданылған сөздер ретінде ойын (n=19), бақылау (n=12) және еңбек (n=13) кодталды. Филиппова (2018) эмпатияның дамуындағы маңызды фактор ретінде арнайы ұйымдастырылған психологиялық және педагогикалық жағдайларды көрсетеді. Ол эмпатияның өздігінен емес, ересек адамның басшылығымен, эмоционалды қолайлы ортада және жүйелі педагогикалық жұмыс арқылы дамитынын айтады. Бұл бізге балабақшада табиғатпен тікелей байланыс балалардың қоршаған ортаға деген эмпатиясын дамытуда маңызды фактор болып табылады деп сенуге негіз береді. Бұл: ойын, бақылау және еңбек. Ойын ерте жас баланың жетекші іс-әрекеті ретінде балаға оның орнында болуға (сюжеттік рөлдік ойындар) мүмкіндік

береді. Ал табиғат нысандарын бақылау арқылы, оның күйін, жағдайын нақты көре алады. Ал еңбек осы бір сезімді іс-әрекет деңгейіне өткізеді.

«Кодтар бірлесуі» моделінде (4-сурет) біз мектеп жасына дейінгі балалардағы экологиялық эмпатияны ішкі эмоционалды сезімдері мен практикалық әрекеттер арасындағы өзара байланыс арқылы көре аламыз. Ең көп кездесетін код - «қамқорлық» (n=19), бұл балалардың табиғатқа деген эмпатиялық көзқарасы көбінесе іс-әрекет арқылы көрінетінін көрсетеді. «Жанашырлық» коды (n=11) қоршаған ортаға деген эмпатияның эмоционалды-сезімдік және моральдық негізін сипаттайды. Осылайша, экологиялық эмпатия балаларда сезім (n=6), жанашырлық (n=11), бақылау (n=12), қызығушылық (n=8), қорғау (n=8) және күтім жасау (n=19) әрекеттердің өзара байланысуы арқылы дамитын көп қырлы психологиялық және педагогикалық құбылыс ретінде сипаттауға болады.

Бұл қиылысудағы «Кодтардың бірлесуі» моделі экологиялық эмпатия баланың ішкі сезімдерімен ғана шектелмейтінін, олардың белгілі бір іс-әрекеттерді орындауға деген ұмтылыстарымен де ерекшеленетінін көрсетіп отыр. Ерте жастан табиғатты бақылау, оны тануға қызығушылық таныту, кез-келген тіршілік иелерінің экожүйедегі маңызын түсінуге, қамқор болып зиянын тигізбеуге итермелейді екен.

«Кодтардың бірлесуі» қызығушылық, сезіну, жанашырлық, қорғау және күтім жасау сияқты көріністердің педагогтер сипаттаған тәжірибелерде өзара байланыста кездесетінін көрсетеді. Бұл деректер экологиялық эмпатияны бір ғана эмоциялық реакциямен шектемей, эмоционалдық қатынас пен нақты мінез-құлықтың өзара сабақтастығы ретінде қарастыруға негіз береді.



Сурет - 4 «Кодтардың бірлесуі» (қиылысу) моделі

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері педагогтердің кәсіби бақылауларында мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық эмпатиясы өзара байланысты бірнеше көрініс арқылы сипатталатынын көрсетті. Талдау барысында эмоционалдық-сезімдік, құндылықтық-моральдық, және практикалық-мінез-құлықтық көріністері айқындалды.

Эмоционалдық-сезімдік көрініс балалардың табиғат нысандарының күйіне эмоциялық жауап беруі, олардың жағдайын сезінуі, уайымдауы және жанашырлық танытуы арқылы көрінсе, құндылықтық-моральдық көрініс табиғат пен тірі ағзаларды құндылық ретінде қабылдау, оларға жауапкершілікпен қарау, адамгершілік ұстанымдарын білдіру және қорғауға ұмтылу сипатында анықталды. Практикалық-мінез-құлықтық көрініс өсімдіктер мен жануарларға күтім жасау, табиғат нысандарын бақылау, оларға зиян келтірмеу және нақты қамқорлық әрекеттерін орындаулары. Сонымен қатар педагогтер ойын, табиғатты бақылау және еңбек әрекеттерін экологиялық эмпатияны дамытуда маңызды педагогикалық тәжірибелер ретінде сипаттайды.

Алынған нәтижелер экологиялық эмпатияны тек эмоциялық реакция ретінде емес, баланың табиғатқа деген сезімдік қатынасы, құндылықтық бағдары және нақты мінез-құлықтық әрекет-

терінің өзара байланысында қалыптасатын кешенді құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тұжырым мектепке дейінгі экологиялық тәрбиенің психологиялық құрылымында сезімдік, эмоционалдық-еріктік және іс-әрекеттік компоненттердің маңызын атап көрсететін зерттеулермен мазмұндық тұрғыдан үндеседі. Манкеш және т.б. (2022) мектепке дейінгі экологиялық тәрбиеде баланың жанашырлық, қамқорлық, сүйіспеншілік сияқты ұғымдарды түсінуі оның табиғатты эмоционалдық және эстетикалық тұрғыдан қабылдауына негіз болатынын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелерінде құндылықтық-моральдық бағытқа қатысты жауапкершілік (n=15), құндылықтық жанашырлық (n=14) және адамгершілік (n=9) кодтарының жиі кездесуі педагогтердің бақылауларында балалардың табиғатқа эмпатиялық қатынасы моральдық-құндылықтық мазмұнмен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Бұл белгілер баланың табиғат нысандарына тек қызығушылық танытып қана қоймай, оларға жауапкершілікпен қарауы мен қамқорлық әрекеттеріне ұмтылуы арқылы көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, мектеп жасына дейінгі кезең экологиялық эмпатияны дамыту үшін маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл жаста баланың эмоциялық сезімталдығы, жанашырлық таныту қабілеті, табиғатқа қамқорлық жасау әрекеттері және жауапты қарым-қатынас негіздері қалыптаса бастайды. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың табиғатпен тікелей әрекеттесуіне мүмкіндік беретін жүйелі педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру олардың табиғатқа адамгершілік қатынасын және жауапты мінез-құлық дағдыларын дамытуға ықпал етуі мүмкін. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық эмпатияны қалыптастыру әдістемесін жүйелеу және оның негізгі механизмдерін толық ашу үшін әліде зерттеулерді қажет етеді.

Деректер педагогтердің кәсіби бақылаулары мен тәжірибелік пайымдарына негізделді. Сондықтан алынған нәтижелер балалардың экологиялық эмпатиясының психологиялық ерекшеліктерін тікелей диагностикалау нәтижесі ретінде емес, педагогтердің кәсіби тәжірибесінде байқалған көріністері ретінде қарастырылып отыр.

Алғыс білдіру. Ұсынылып отырған ғылыми мақала «Жас Ғалым» мемлекеттік жобасы бойынша гранттық қаржыландыру аясында дайындалды (ЖТН АР25795211 «Жасыл балабақша» тұжырымдамасы: мектепке дейінгі ұйымдарға интеграцияланған экологиялық білім беруді ендіру). Зерттеуге қаржылық қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреміз.

Әдебиеттер тізімі

Ampuero, D., Miranda, C. E., Delgado, L. E., Goyen, S., & Weaver, S. (2015). Empathy and critical thinking: Primary students solving local environmental problems through outdoor learning. *Journal of Adventure Education & Outdoor Learning*, 15(1), 64–78. <https://doi.org/10.1080/14729679.2013.848817>

Бейсембаева, К. Д., Сатова, А. К., & Конысбаева, А. Б. (2025). Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін дамыту ерекшеліктері. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Психология» сериясы, 83(2), 174–188. <https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.83.2.016>

Васильева, Е. Н. (2006). К проблеме возрастной сензитивности в проявлении эмпатии у детей дошкольного возраста. *Вестник Нижегородского университета им. Н. И. Лобачевского. Серия: Социальные науки*, (1), 15–25.

https://www.unn.ru/pages/vestniki_journals/99990201_West_soc_2006_1%285%29/2.pdf

Van Zyl, L. (2025). Wonder and empathy in environmental ethics. *South African Journal of Philosophy*, 44(1), 4–16. <https://doi.org/10.1080/02580136.2025.2462436>

Жигитбекова, Б. Д. (2020). Проблема эмпатии в психологических исследованиях. *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология*, 62(1), 236–239. <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7847.45>

Изотова, Е. И. (2011). Когнитивные и поведенческие репрезентации эмпатии в дошкольном и младшем школьном возрасте. *Психологические исследования*, 4(19). <https://doi.org/10.54359/ps.v4i19.822>

Иценко, М. В. (2021). Емпатія в структурі екології відносин у вищій педагогічній музичній освіті. *Педагогіка формування творчої особистості у вищій і загальноосвітній школах*, 75(1), 162–165. <https://doi.org/10.32840/1992-5786.2021.75-1.31>

Creswell, J. W., & Poth, C. N. (2018). *Qualitative inquiry and research design: Choosing among five approaches* (4th ed.). SAGE Publications.

Cheng, J. C.-H., & Monroe, M. C. (2012). Connection to nature: Children's affective attitude toward nature. *Environment and Behavior*, 44(1), 31–49. <https://doi.org/10.1177/0013916510385082>

Li, Y., Zhao, Y., Huang, Q., Deng, J., Deng, X., & Li, J. (2024). Empathy with nature promotes pro-environmental attitudes in preschool children. *PsyCh Journal*, 13(4), 598–607. <https://doi.org/10.1002/pchj.735>

Luo, J., Zhao, R., & Li, Y. (2025). The role of empathy training in promoting pro-environmental behavior: A comprehensive review. *Frontiers in Educational Research*, 8(9), 82–89. <https://doi.org/10.25236/FER.2025.080914>

Манкеш, А. Е., Таубаева, Ф. З., & Метербаева, К. М. (2022). Қазақстандағы мектепке дейінгі білім берудің теориясы мен тәжірибесі: Ұжымдық монография. Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы. <https://www.iprbookshop.ru/129419.html>

Ногаева, А. Қ., Сангилбаев, О. С., & Байбекова, М. М. (2023). Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектісінің қалыптасу деңгейін диагностикалау. *Психология және социология сериясы / The Journal of Psychology and Sociology*, 84(1), 47–55. <https://doi.org/10.26577/JPsS.2023.v84.i1.04>

Полухина, Е. В. (Ред.). (2023). *Практики анализа качественных данных в социальных науках: Учебное пособие. Издательский дом Высшей школы экономики*. <https://doi.org/10.17323/978-5-7598-2542-5>

Sobko, T., Jia, Z., & Brown, G. (2018). Measuring connectedness to nature in preschool children in an urban setting and its relation to psychological functioning. *PLOS ONE*, 13(11), e0207057. <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0207057>

Tam, K.-P. (2013). Dispositional empathy with nature. *Journal of Environmental Psychology*, 35, 92–104. <https://doi.org/10.1016/j.jenvp.2013.05.004>

Филиппова, О. Г. (2018). Психолого-педагогические условия развития эмпатии у детей старшего дошкольного возраста. *Вестник Челябинского государственного педагогического университета*, (8), 130–142. <https://doi.org/10.25588/CSPU.2019.65.55.011>

Чернышева, Н. С. (2014). *Практикум по психологии интервью*. Издательство Владимирского государственного университета.

<https://dspace.www1.vlsu.ru/bitstream/123456789/3616/1/01345.pdf>

Yuan, Z., & Zhou, G. (2026). The influence of empathy with nature on pro-environmental behaviors in young children: Evidence from behavioral and eye-tracking studies. *Frontiers in Psychology*, 17, 1778192. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2026.1778192>

References

Ampuero, D., Miranda, C. E., Delgado, L. E., Goyen, S., & Weaver, S. (2015). Empathy and critical thinking: Primary students solving local environmental problems through outdoor learning. *Journal of Adventure Education & Outdoor Learning*, 15(1), 64–78. <https://doi.org/10.1080/14729679.2013.848817>

Bei'sembaeva, K. D., Satova, A. K., & Qonysbaeva, A. B. (2025). Eresek mektep jasyna dei'ingi balalardyn' emotsionaldy intellektin damytu ereks'elikteri. *Abai' atyndag'y QazUPU-nin' Habars'ysy. «Psihologi'ia» seri'iasy*, 83(2), 174–188. <https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.83.2.016>

Cheng, J. C.-H., & Monroe, M. C. (2012). Connection to nature: Children's affective attitude toward nature. *Environment and Behavior*, 44(1), 31–49. <https://doi.org/10.1177/0013916510385082>

Chernysheva, N. S. (2014). *Praktikum po psikhologii interv'iu*. Izdatel'stvo Vladimirskogo gosudarstvennogo universiteta. <https://dspace.www1.vlsu.ru/bitstream/123456789/3616/1/01345.pdf>

Creswell, J. W., & Poth, C. N. (2018). *Qualitative inquiry and research design: Choosing among five approaches* (4th ed.). SAGE Publications.

Filippova, O. G. (2018). *Psikhologo-pedagogicheskie usloviia razvitiia empatii u detei starshego doshkol'nogo vozrasta*. *Vestnik Cheliabinskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta*, (8), 130–142. <https://doi.org/10.25588/CSPU.2019.65.55.011>

Ishchenko, M. V. (2021). *Empatiia v strukturi ekolohii vidnosyn u vyshchii pedahohichnii muzychnii osviti. Pedahohika formuvannia tvorchoi osobystosti u vyshchii i zahalnoosvitnii shkolakh*, 75(1), 162–165. <https://doi.org/10.32840/1992-5786.2021.75-1.31>

Izotova, E. I. (2011). *Kognitivnye i povedencheskie reprezentatsii empatii v doshkol'nom i mladshem shkol'nom vozraste*. *Psikhologicheskie issledovaniia*, 4(19). <https://doi.org/10.54359/ps.v4i19.822>

Li, Y., Zhao, Y., Huang, Q., Deng, J., Deng, X., & Li, J. (2024). *Empathy with nature promotes pro-environmental attitudes in preschool children*. *PsyCh Journal*, 13(4), 598–607. <https://doi.org/10.1002/pchj.735>

Luo, J., Zhao, R., & Li, Y. (2025). *The role of empathy training in promoting pro-environmental behavior: A comprehensive review*. *Frontiers in Educational Research*, 8(9), 82–89. <https://doi.org/10.25236/FER.2025.080914>

Mankes', A. E., Tay'baeva, G'. Z., & Meterbaeva, K. M. (2022). *Qazaqstandag'y mektepke dei'ingi bilim berudin' teori'iasy men ta'jiribesi: Ujymdyq monografi'ia. Abai' atyndag'y QazUPU, «Ulag'at» baspasy*. <https://www.iprbookshop.ru/129419.html>

Nog'aeva, A. Q., Sangilbaev, O. S., & Bai'bekova, M. M. (2023). *Mektep jasynda dei'ingi balalardyn' emotsionaldy intellektisinin' qalyptasu den'gei'in diagnostikalau. Psihologi'ia ja'ne sotsiologi'ia seri'iasy / The Journal of Psychology and Sociology*, 84(1), 47–55. <https://doi.org/10.26577/JPSS.2023.v84.i1.04>

Polukhina, E. V. (Red.). (2023). *Praktiki analiza kachestvennykh dannyykh v sotsial'nykh naukakh: Uchebnoe posobie. Izdatel'skii dom Vysshei shkoly ekonomiki*. <https://doi.org/10.17323/978-5-7598-2542-5>

Sobko, T., Jia, Z., & Brown, G. (2018). *Measuring connectedness to nature in preschool children in an urban setting and its relation to psychological functioning*. *PLOS ONE*, 13(11), e0207057. <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0207057>

Tam, K.-P. (2013). *Dispositional empathy with nature*. *Journal of Environmental Psychology*, 35, 92–104. <https://doi.org/10.1016/j.jenvp.2013.05.004>

van Zyl, L. (2025). *Wonder and empathy in environmental ethics*. *South African Journal of Philosophy*, 44(1), 4–16. <https://doi.org/10.1080/02580136.2025.2462436>

Vasil'eva, E. N. (2006). *K probleme vozrastnoi senzitivnosti v proiavlennii empatii u detei doshkol'nogo vozrasta. Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. N. I. Lobachevskogo. Seriya: Sotsial'nye nauki*, (1), 15–25. https://www.unn.ru/pages/vestniki_journals/99990201_West_soc_2006_1%285%29/2.pdf

Yuan, Z., & Zhou, G. (2026). *The influence of empathy with nature on pro-environmental behaviors in young children: Evidence from behavioral and eye-tracking studies*. *Frontiers in Psychology*, 17, 1778192. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2026.1778192>

Zhigitbekova, B. D. (2020). *Problema empatii v psikhologicheskikh issledovaniiax. Vestnik KazNPU imeni Abaia. Seriya: Psikhologiya*, 62(1), 236–239. <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7847.45>

Авторлар туралы мәлімет:

Жакупова Алтынай Жұмабекқызы – хат-хабар авторы, PhD, Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы. E-mail: altyn.zhakup.84@bk.ru

Орынғалиева Шолтан Оралғалиевна – PhD., «Alikhan Bokeikhan University», Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру педагогикасы кафедрасының меңгерушісі, Семей қ., Қазақстан Республикасы. E-mail: sh.oryngalieva@gmail.com

Конысбаева Алия Бусегеновна – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің PhD., аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы. E-mail: a.komysbayeva@abaiuniversity.edu.kz

Юсупова Индира Балтабаевна – магистр, Ә.Құатбеков атындағы халықтар достығы университетінің оқытушысы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы. E-mail: indira.yusupova.87@bk.ru